# Мұнайлы Өлке

Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының газеті

№ 03 (19), наурыз, 2011 жыл




## НӨМІРДЕ ОҚЫҢЫЗДАР:

ҚР Президентін қолдау мақсатында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ штаб құрылды — 2 бет

Мұнай және газ министрі С. Мыңбаев «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымымен кездесті — 3 бет

Нұрмұхан Қанатбаев. Алғашқы игерушілер айдарының кейіпкерлерімен таныстыруды жалғастырамыз — 5 бет

## ТЕХНОЛОГИЯЛАР БОЛАШАҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

2 наурыз күні Елбасы Н.Ә. Назарбаев «ММГ» АҚ Бас директоры А.Айдарбаевты қабылдады.

Президенттің баспасөз қызметі хабарлағанындай А. Айдарбаев «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 2010 жылғы атқарған қызметі туралы баяндаған.

А. Айдарбаев брифингте сөйлеген сөзінде: «Мен Елбасын компания дамуының 2015 жылға дейінгі жоспары және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өндіріске жаңа технологияларды енгізуде қандай жұмыстар атқарып жатқаны туралы айтып бердім» деді.

# ШТАБ ЖҰМЫСҚА КІРІСТІ



21 ақпан күні «Маңғыстамұнайгаз» АҚ Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидат Нұрсұлтан Назарбаевты қолдау Штабы құрылды.

Штабтың басты мақсаты - Президентке кандидат Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа сайлау науқанында жан-жақты қолдау көрсету, оның сайлау алды платформасын түсіндіретін үгіт-насихат іс-шараларын өткізу. Сонымен қатар, облыстық және қалалық штабтармен бірге ҚР Президентіне кандидат Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа қолдау көрсету жөнінде бірыңғай стратегияны қалыптастырып, адал және әділ өтетін сайлауда кандидаттың заңды жеңіске жетуін қазақстандық заңнама мен халықаралық стандарттарға толық сәйкестікте қамтамасыз етеді.

Штабқа «Маңғыстамұнайгаз» АҚ Бас директорының әлеуметтік және әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасары Асқар Рзаханов басшылық етті. Штаб құрамына «Маңғыстамұнайгаз» АҚ Бас директоры Алик Айдарбаев, Куванов Абай Айтбайұлы –«Жетібаймұнайгаз» ӨБ бастығы, Сәрсенбай Нұрпейіс Мизанбайұлы – «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бастығы, Ашірбекова Ботагөз Серікбайқызы - Адам ресурстарын басқару департаментінің директоры, Дауылбаев Әділбек Құлынтайұлы – Маңғыстау облысы Қарақия ауданының әкімі, Трумов Серікбай Өтепгенұлы – Маңғыстау облысы Түпқараған ауданының әкімі, Маңғыстау ауданының әкімі К. Боқанов және сервистік компаниялардың басшылар «Oil Services Company» ЖШС директоры Кенжалиев Әлібек Фазыллұлы, «Oil Construction Company» ЖШС директоры Қарымсақова Мейіз Сапарқызы, «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС директоры Фаерфас Григорий Ильич, «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС директоры Коғашев Бегім Әбішұлы, «Мұнайтелеком» ЖШС директоры Аманбаев Құлқайыр Тәжіғұтұлы, «Технотрейдинг» ЖШС директоры Қонысов Асхат Кенғанұлы, «Шынылпластикалық құбырлар зауыты» ЖШС директоры Қырымқұлов Сәрсен Сағынұлы және т.б.

- Біздің басты мақсатымыз,- сайлау күні сайлаушылардың 100 пайыз қатысуын қамтамасыз ету, - деп Алик Айдарбаев штаб отырысын ашу барысында айтып өтті. – «Маңғыстаумұнайгаз» және барлық сервистік компаниялар бірлесіп белсенділік танытып, күш салу керек.

- Алдымызға қойылған жұмыс нақты, менің ойымша сайлау алды науқанның жетістігі тікелей біздің бірлесіп, ұйымшылдықпен жұмыс жасауымызға байланысты. Штабтың құрамында сайлау өткізген тәжірибесі мол адамдар бар, сондықтан 3 сәуір күні біз жақсы нәтижеге жетеміз деп ойлаймын,- деп өз кезегінде Штаб жетекшісі Асқар Рзаханов айтып өтті.

Штаб отырысы апта сайын «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өтеді, ал оның географиялық ауқымы бүкіл Маңғыстау облысын қамтиды.

Штабтың алғаш отырысы 28 ақпанда өтті.

- Біз Маңғыстау облысы Қоғамдық штабының Тораптық кестесі негізінде жасалған Біртұтас іс-қимылдардың жоспарын дайындап шығардық, - деді кездесуді ашу барысында Алик Айдарбаев. - Жоспарда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымы ішінде, сондай-ақ сервистік мердігерлік ұйымдардың қызметкерлері арасында үгіт-насихат – түсіндіру жұмыстарын жүргізу жөнінде штаб жұмысының негізгі бағыттары анық көрсетілген. Жастар электораты арасында жұмысты жандандыру мақсатында, қазіргі таңда штаб жанында Жастар қанаты жұмыс істейді. Бүгінде «Біз – Президентпен біргеміз!» атты арнайы жастар сайтын әзірледік. Оны ақпарат материалымен толықтырып жатырмыз. Сонымен қатар, «ММГ» АҚ сайтында «Сайлау – 2011» атты арнайы бөлім құрылуда.

Кездесуге қатысушылар Штабтың ағымдағы ұйымдық мәселелерін талқылады. Олардың ішінде «ММГ» АҚ басшылары сервистік компания басшыларымен Халықаралық әйелдер күні мерекесін тойлау жоспарын талқылап, мақұлдады. Компания басшылығы сайлаудың өзі сайлаушылар үшін нағыз мереке болып, сайлау учаскелері лайықты болуына ерекше көңіл бөлетіндігін айтты.

-Сайлауды өте жоғары дәрежеде өткізуге тиіспіз, адамдардың көңілдері көтеріңкі болу керек, - деп атап айтты Алик Айдарбаев. – Сайлау күні сайлау учаскелерінде киіз үй тігіп, мол дастархан жайып, мерекелік концерттік бағдарлама ұйымдастыруымыз керек. Өз қызметкерлеріміз үшін сайлауды мереке ретінде сезіну үшін барлық жағдайды жасаймыз және барлық адамдар өз конституциялық құқығы – Қазақстан Республикасы Президентін сайлауды тамаша көңіл-күймен жүзеге асыруға тиіс!

Бас директор «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ тиісті бөлімшелеріне сайлау учаскелерін жабдықтап, жөнге келтіруді тапсырды.

- Сайлау күні сайлаушылардың орынсыз жүрісіне жол бермей, асығыпқапылмай, тыныш жағдайда өз дауыстарын беру керек, -деді Алик Айдарбаев. – Қаламқас кенорнындағы сайлау учаскесін (автобекет ғимараты) үлкейтіп, жабдықтау керек. Сонымен қатар, автобекет аумағын түгелдей жабдықтау қажет. Жолды асфальттап, қоқыстарды жинап, қажет болса, жаяу жүргіншілер жолын саламыз.

«Сайлау ашық түрде және ең бастысы – еш бұзушылық болмай, заңды түрде өтуі тиіс. Штаб мүшелерінің ортақ мақсаты – адал және әділ сайлау өткізу!» деп өз сөзін қорытындылады «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры Алик Айдарбаев.

**Еснязар Сұлтанов**

# БАСЫМ БАҒЫТТАР АЙҚЫНДАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Жолдауы еліміздің 2020 жылға арналған даму Стратегиясы көрсетілген, нақты істердің бағдарламасы болып отыр. Оның жүзеге асуы біздің тиімді экономикасы бар және әрбір қазақстандықтың өмір сүру деңгейі жоғары республикаға, қуатты мемлекетке айналуымызға оң әсер етеді. «Нұр Отан» ХДП 13 - съезінде сөйлеген сөзінде Елбасымыз Н. Назарбаев «...әрбір азаматтың негізгі құндылықтары – бұл баспана, білім, отбасы және жұмыс екенін яғни, осының барлығы даму мен өркендеудің басты бағыттары» - екенін атап көрсетті. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Нұр Отан» ХДП бастауыш партия ұйымының жалпы жиналысы Президенттің Жолдауын талқылауға және партияның 13-съезінде Ұлт көшбасшысы атап өткен мәселелерге арналды.

Бүгінгі таңда «Нұр Отан» ХДП облыстық бөлімшесінің қатарында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 1387 қызметкері бар, 21 партиялық ұяшық өз қызметін жүзеге асыруда. Жиналысқа «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ мен «Жетібаймұнайгаз» ӨБ, сондай-ақ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ орталық аппаратынан делегаттар қатысты.

Жиналысты аша отырып, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры , «Нұр Отан» ХДП Маңғыстау облысы атынан 13-съезінің делегаты Алик Айдарбаев, бұл кездесудің айрықша әрі соңғы уақыттағы өте маңызды оқиғалармен байланысты екенін айтты.

-Бұл біріншіден, алдымызда өтетін Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауымен байланысты, Елбасының халыққа Жолдауын жүзеге асыруда нақты іс-қимылдарды жасап шығару, партияның 2020 жылға дейінгі бағдарламасын орындау, - деді А.Айдарбаев. – Басталғалы отырған ай, өткен айлар сияқты – біздің бірлігіміздің, команда болып жұмыс жасауға деген қабілетіміздің, жылдам, нақты, кең көлемде ойлай алуымыз бен нақты шаралар қолдана алатынымыздың сынға түсер айы.

«Нұр Отан» партиясының 2020 жылға дейінгі бағдарламасының негізінде – мемлекеттің басты құндылықтары: тұрақтылық, саяси жүйенің демократиялық дамуы, Қазақстан халқының бірлігі, ел азаматтарының өз-өзін жетілдіруінің жағдайларын дамыту, денсаулық сақтау мен білім беру мәселелері және кіші, орта бизнеске белсенді түрде қолдау көрсету. Сондай-ақ, бағдарлама – әлеуметтік қамтамасыз етудің көпдеңгейлі жүйесін, елді индустрияландыруды жылдамдату, аймақтарды дамыту бағдарламаларының орындалуын бақылауды күшейту, ғылым мен экономиканың өзара тиімді ықпалдасуын құру сияқты мәселелерді де қарастырады.



- Аймақтағы ең ірі әрі маңызды болып табылатын біздің бастауыш партия ұйымының алдында, бүгінде үлкен міндеттер тұр деді, - А. Айдарбаев өз әріптестеріне бағыттап. – Басты мақсат - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ әрбір қызметкеріне сайлауға қатысу – бұл, ең алдымен, азаматтық парыз, әрбір азаматтың міндеті, өйткені белсенділік таныту мен саяси сауаттылық көрсетуімізден біздің болашағымыз, біздің балаларымыздың болашағы анықталады. Біз өз қызметкерлерімізге ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Жолдауының маңызды Стратегиялық сәттерін, «Нұр Отан» ХДП 13-съезде сөйлеген сөзінің басты бағыттарын қарапайым тілмен және жеңіл тәсілдермен жеткізе білуіміз қажет.

Жиналысты қорытындылай келе, ел Президенінің Қазақстан халқына Жолдауы мен «Нұр Отан» ХДП жаңа бағдарламасында көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру бағытында жұмыс жоспарын жасап шығарып оны орындау, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлеріне алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді қарапайым тілмен түсіндіру сияқты міндеттер қойылды.

Сонымен қатар, жас ұрпақ арасында ел болашағына деген өз жауаптылықтарын ұғындыру және патриоттыққа тәрбиелеу мақсатында «Жас қанат» жастар партиялық ұйымын құруға ұсыныс білдірілді.

- «Нұр Отан» ХДП мүшелері алдында өте көлемді және жауапты қоғамдық-саяси міндеттер тұр, - деп атап өтті, өз кезегінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Нұр Отан» ХДП бастауыш партия ұйымының жалпы жиналысының төрағасы, ӘМӘДД жұртшылықпен байланыс және әлеуметтік мәселелер бөлімінің бастығы Қартбай Аманжол. – Және бастауыш партия ұйымының белсенділері, яғни «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ әрбір төртінші қызметкері өздеріне белгіленген міндеттерді тиімді әрі лайықты түрде атқаруға бар күш-жігерін салады.

Бастауыш партия ұйымының жалпы жиналысы «Нұр Отан» ХДП партиялық билеттерін жаңа мүшелеріне салтанатты тапсырумен аяқталды. Партия құрамына «Жетібаймұнайгаз» ӨБ қызметкерлері: бас энергетик Абуов Қосмұрат, аға оператор Қазиев Мейрамбай, мастер Алипкаиров Исатай және геолог Исатаев Бауыржан қабылданды.

**Еснязар Сұлтанов**

# ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ – ІС-ҚИМЫЛДАР БАҒДАРЛАМАСЫ

**Президенттің 2011 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы жыл сайынғы жолдауларының ішінде айрықша орын алады, себебі ол Қазақстан Тәуелсіздігінің 20-жыл кезеңіндегі дамуының қорытындысы ретінде және ел дамуының нақты бағыттарын айқындаған бағдарлама болып отыр. Ақпанның 24 күні Маңғыстау облысына мұнай және газ министрі Сауат Мыңбаевтың басшылығымен республикалық ақпараттық - үгіт-насихат тобы арнайы сапармен келген болатын. Топтың басты мақсаты – «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Президент Жолдауының басты бағыттарын түсіндіру және азаматтардың мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда белсенділік танытуларын қамтамасыз ету.**



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымымен кездесуінде министр «мұнайгаз кешеніндегі жеткен жетістіктер – Қазақстан экономикасына, соның ішінде елдің және аймақтың да тұрақты дамуына оң әсер ететінін» баса айтты. Министрліктің биылғы жұмысы аталмыш саланы қарқынды дамытуға және Елбасы Жолдауындағы «Күшейтілген инновация-индустрияландыруды үдемелі экономикалық модернизациялау» бөлімінде көзделген алға қойған негізгі міндеттерді жүзеге асыруға бағытталатын болады.

-Қазақстанның Тәуелсіздік алған 20-жылы ішінде еліміз саяси тұрақтылығын сақтап қала алды, ал экономикалық даму үлкен жетістіктерге жетті, - деп жалғастырды өз сөзін Сауат Мыңбаев. – Президент Жолдауында 1997 жылғы ІЖӨ көрсетілген, ол небары 700 АҚШ долларына тең еді. Нәтижесінде өсе келе, 2011 жылы бұл көрсеткіш 9 мың долларға жетіп отыр. 2009 жылдан бастап Қазақстан әлемдік қаржы дағдарысына қарсы белсенді шаралар қолданылды, қазіргі уақытта ел экономикасы сенімді түрде дағдарыстың қамытынан құтылды. Сонымен қатар, Қазақстан әлеуметтік сақтандыру, жемқорлықпен күрес, инвестициялық жағдайды жақсарту, еңбекке тұру, тұрғындардың өмір сүру сапасын көтеру, тұрғын-үй салаларында айтарлықтай жетістіктерге жетті. Сондай-ақ, Жолдауда әлеуметтік-экономикалық саланы дамытудағы нақты, батыл жоспарларды жүзеге асыру көзделген және елдің дамуына зор үлес қосатын алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру шаралары да айтылған.

Маңғыстау облысының әкімі Қырымбек Көшербаев, мұнай-газ саласында көмірсутегін тасымалдау бағытын кеңейтуге баса назар аудару қажеттігін, оларды жеткізіп берудің қауіпсіз және сенімді жолдарын қамтамасыз ету қажеттігін ескертті.

-Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы еліміздің әрбір тұрғынының өмірінде тарихи маңызға ие, әсіресе алдағы 10 жылдыққа арналған Стратегиялық даму жоспарын орындау саласында маңызды орын алады, - деп атап өтті «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры А. Айдарбаев. – Мұнайгаз өнеркәсібі жақын онжылдықта ел экономикасының, әрі адам мен технология дамуының көшбасшысы болып қала бермек.

2010 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өңірдің әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға 5 млрд. теңге жұмсады. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өндірістік қызметіндегі мұнай өндіру деңгейі соңғы 10 жылдықта 2000 жылғы 4 млн. 170 мың тоннадан 2010 жылы 5 млн. 720 мың тоннаға жеткен. Өткен жылы компания дамуының 2015 жылға дейінгі Стратегиялық жоспары қабылданды, компания қызметкерлерінің әлеуметтік және еңбек құқықтарын қамтамасыз ететін құжат - жаңа Ұжымдық шартқа қол қойылды.

Мұның барлығы біздің алға қойған: қаржылай жетістіктері мол, кенорындардың артықшылықтарын барынша тиімді пайдаланатын, еліміздің мұнай компанияларынан әлдеқайда озық, өндіріске жаңа технологияларды енгізуде көшбасшы компания атану сияқты мақсаттарымызға сәйкес келіп отыр. Сондықтан да біз, күшті, бәсекелестікке қабілетті, Президенттің «Қуатты бизнес-қуатты мемлекет» ұстанымын ұстанған компания болуға ұмтыламыз, - деді А. Айдарбаев.

-2011 жыл «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ үшін айрықша жыл болғалы отыр, - деп сабақтады өз сөзін бас директор. – Бұдан 50 жыл бұрын маңғыстау мұнайшылары алғашқы мұнайды алған болатын. Осы жарты ғасыр бойына маңғыстаулықтар өз істерінің маманы екендіктерін ұдайы дәлелдеп келеді. Маңғыстау мұнайының 50-жылдығының мерейтойлық шараларын Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20-жылдығына арнаймыз!

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымы атынан бас директор келген қонақтарды мұнай-газ саласының мамандарына ерекше көңіл бөлгені үшін алғыс білдіре отырып, өндірісте жаңа жетістіктерге жету жұмыстары жалғаса беретінін, ал мұнайшылар өз кезегінде президенттік даму бағытында ұстанған ұстанымдармен жұмыс жасайтынын жеткізді.

**Есназар Сұлтанов**

# WWW.ELBASYM.KZ – ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІН БІРГЕ ҚОЛДАЙМЫЗ!

**2011 жылғы 3 ақпанда ҚР Президенттігіне үміткер Н.Ә.Назарбаевты қолдау және білім беру, гуманитарлық, экологиялық, технологиялық, сондай-ақ, инновациялық жобаларды кеңінен тарату мақсатында www.elbasym.kz интернет-ресурсы өз жұмысын бастады. www.elbasym.kz ресурсының ресми тұсау кесу рәсімі Маңғыстау облысының әкімі Қ.Е.Көшербаевтың Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті студенттерімен кездесуінде өткізілді.**



Жаңа ресурсты құру жөнінде бастама көтеріп жасаған - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жас мамандар тобы. «Нұр Отан» ХДП 13 съезіндегі ҚР Президентінің үндеуінен жігерленіп, «Елбасымен біргеміз» деп ұрандаған жоба авторлары Қазақстан жастарын Елбасының төңірегінде бірігіп, 2011 жылдың 3 сәуірінде өтетін ҚР Президенті сайлауында Н.Ә.Назарбаевтың кандидатурасын қолдауға шақырды.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры А. Айдарбаев:

- Сіздер – болашақтың іргесін қалайтын кейінгі толқын жас ұрпақ, ел тарихының жаңа бетін ашқалы отырсыздар. Өздеріңіз білгендей, бүгінгі таңда бүкіл ел тарихи маңызы зор Президент Жолдауын қызу талқылау үстінде. Сонымен бірге «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының 13 съезіндегі Елбасы үндеуін Сіздер жақсы білесіздер. Президенттің осы екі үндеуі Сіздерге арналған. «Маңғыстаумұнайгаздың» жас мамандары осы үндеулерге өз жауабын берді. Олар компания ішінде жастар қанатын құру бастамасын алға қойды. Мен олардың ынтасы мен жалынына риза болдым.




«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры А. Айдарбаев, осы сәтті пайдалана отырып, барлық жас маңғыстаулықтарға Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың атынан жалынды сәлемі мен игі тілектерін жеткізді. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры А. Айдарбаев Елбасымен 2 наурыз күні Астанада кездескен болатын, ал сонан соң – барлық жиылған қонақтарға www.elbasym.kz интернет-ресурсының авторлары – жас мамандарды таныстырды.

Жастар университеттің акт залында www.elbasym.kz сайтының жұмысын бастап та жіберді – залда орналасқан үлкен экрандардан сайттың негізгі беті ашылып, осы мезгілден бастап ол интернет желісінің барлық қолданушыларына қолжетімді сайтқа айналды!

- Қымбатты достар! Аталмыш сайтты құра және қолданысқа енгізе отырып, біз ең алдымен өз азаматтық көзқарасымызды білдірудеміз – деді, осы сайт құрушыларының бірі, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ операторы Сергей Примаченко. – Ол еліміздің бүгіні мен болашағына бейжай қарай алмайтын адамдар үшін. Біз бәріңізді бір команда болуға және дұрыс таңдауға шақырамыз. Бұл сайт Маңғыстау облысының жастарымен құрылған, бірақ оны Қазақстанның барлық жастары қолдана алады.

- Біздің Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бізді еліміздің, ата-анамыздың, туысқандарымыздың және жақындарымыздың мақтанышы болуға шақырады! – деп өз сөзін «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ геологы Қайрат Садыров қосты. – Бұл дегеніміз алдына асқақ армандар мен биік мақсаттар қоятын әрбір адамның өмірінің мәні емес пе? Мен - бұл біздің қолымыздан келеді деп сенемін! Президентті де қолдауға біздің күш-жігеріміз жеткілікті!

Маңғыстау облысының әкімі Қ.Е.Көшербаев www.elbasym.kz интернет-ресурсының құрылуына құптау білдірді және жастар жергілікті билік тарапынан қолдауға ие болатынына уәде берді.

**Есназар Сұлтанов**

# ЕЛДІҢ БАСТЫ ТАҢДАУЫ

**3 сәуір күні Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы өтеді. Қазіргі уақытта 2011 жылдың ең маңызды қоғамдық-саяси оқиғаларының біріне дайындық жүргізілуде. Қазақстандықтардың сайлауды қалай өткізгендігінен ел болашағы байланысты болады. Ең басты түсінетін нәрсе – әр сайлаушының дауысы маңызды, азаматтық белсенділікті арттырып, өз конституциялық құқығымызды жүзеге асыру арқылы Қазақстан Республикасы Президентін сайлауымыз керек! Сонымен, «Мен неге Қазақстан Республикасы Президентін сайлауға барамын?», деген сұрақты «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлеріне қойдық.**



- 1980 жылдан бастап, ЖМГ ӨБ-да 4-дәрежелі оператор болып жұмыс жасаудамын. Президент Жолдауын оқып, танысып шықтым. Әсіресе, әлеуметтік салаға ерекше тоқталғанына ризамыз, себебі халықтың әл-ауқаты жақсы болса бәрі де жақсы болатыны ақиқат. Халқымыздың болашағы үшін еңбек ететін президенттердің кандидатураларының бағдарлама-ларымен танысып, өз құқығымды пайдалана отырып, сайлауға барып дауыс беремін.

**Максимова Бибі - МГӨБ-1 операторы**



– 1986 жылдан ЖМГ ӨБ-да жасаймын. Президент Жолдауымен танысып, көп мәселелердің шешілгенін, алдағы уақытта Қазақстанның экономикалық дамуына еңбек ететін Президенттердің кандидатураларын қолдаймын. Сайлауға баратын себебім, өз сайлау құқығымды пайдаланып дауыс беру және де бүкіл ұжымды сайлауға барып дауыс беруге шақырамын.

**Абуғалиев Төлебай - ГДТжГШШЦ мастері**



– Биыл – біз үшін ерекше жыл болды. Күні кеше Астанада 56 ел басшылары мен халықаралық ұйым өкілдерінің басын қосқан Саммит, одан соң дүрілдеп Азиада өтті. Бұл мерейлі белестер жұлдызымызды жарқырата түсті. Ең бастысы – еліміз тыныш, жұртымыз аман. Осы сәтті пайдаланып, мен алдағы сайлауға бәрімізді бірауыздан қатысуға шақырамын. Себебі, әр адам Президентті таңдай отырып, өз болашағына таңдау жасайды.

**Арысов Қылышбек - ҚҚҰЦ мастері**




- Алдымыздағы 3 сәуірде өткелі отырған кезектен тыс Президенттік сайлауға қатысамын. Яғни, осы арқылы ҚР Конституциясында көрсетілген сайлау құқығымды пайдаланамын. Президенттікке түскен кандидаттардың бағдарламаларымен танысып, қайсысы халықтың, елдің, жердің жағдайын ойласа, сол адамға таңдауымыз түседі деп ойлаймын.

**Шалатаева Түймехан - МГӨЦ-2 операторы**



- Алдағы 2011 жылдың 3–сәуірінде болатын кезектен тыс Президенттік сайлауға өз құқығымды пайдаланып, дауыс беруге барамын. Президенттікке кандидаттардың бағдарламаларымен жете танысып, оқып шығып, кейін осылардың ішінен кім елдің, жердің, тілдің жағдайын көбірек ойласа соған дауыс беретін боламын.

**Қойшыбаев Оңберген – МЛТЖТБ мастері**



- Осы жылы өтетін Президент сайлауының Қазақстан халқы үшін маңызы өте зор. Бұл сайлаудан әрбір тұлға өз таңдауын жасайды. Болашақ Елбасыдан алдағы уақытта еліміздің экономикасын дамытып, халқымыздың жағдайын жақсартып, ынтымақ-бірлікке шақырып алдыңғы қатарлы мемлекет болады деген үміттемін. Қазақстан азаматы ретінде Елбасын таңдау әр адамға борыш деп білемін.

**№ 4 МГӨК операторы**
**Бимағамбетов Ғабит**



Мен сайлауға әр түрлі көптеген жерасты қазба байлықтары бар, кең байтақ қазақ жері үшін, осы еліміздің болашақ жас жеткіншектері үшін және де халқымыздың тыныштығы үшін барамын. Қазақ елінің мәдениетін, өркениетін, саясатын одан әрі дамыту үшін бізге ең мықты көшбасшы керек, сондықтан сайлауға бару әркімнің ел болашағын, жас ұрпақтың болашағын ойлау деп білем.

**МГӨ ТҚ-50 4-дәрежелі оператор**
**Игишов Бөкенбай**



Мен Тулегенов Амантай Бектурдыевич ”Маңғыстаумұнайгаз” АҚ адам ресурстарын басқару Департаментінің заң кеңесшісі болып жұмыс жасаймын. Мен сайлауға не үшін барамын? Себебі, ел басын сайлау әрбір Қазақстан азаматының борышы деп білемін, өйткені ел басын сайлауда өз дауысымды бергім келеді. Қазақстан Республикасы- бұл біздің, Отанымыз! Өйткені Елбасы халықтың көшбасшысы, Елбасы бізді жарқын болашаққа жетелеп, өркениетті экономикалық дамыған елдердің қатарына қосатын тұлға деп есептеймін. Сол себепті ел басын сайлау маған өте қажет.



Қазақстан азаматы болғасын балаларымыздың болашағы, ата-аналарымыздың аманшылығы үшін қатысамын.

Ел басына таңдаулы, ел билігін мықтап ұстайтын нағыз қазақ азаматын сайлаумыз керек. Қазіргі экономикалық-әлеуметтік жағдайымыз шүкір жаман емес, енді сайлаудан кейін одан да жақсы болар деп үміттенемім.

Алдымызда өтетін сайлау кезінде мен Қаламқас кен орнында жұмыста боламын, бірақ соған қарамастан сайлауға қатысып, өз дауысымды беруге басшылар толық жағдай жасап отыр.

Сондықтан, ел болашағы үшін сайлауға барамын және өз үлесімді қосамын деген үміттемін.

**ОҒЗжӨХЛ 3-дәрежелі химиялық талдау лаборанты**
**Нұрбосынова Айнұр Мақсотқызы**




Кез-келген дамыған демократиялық қоғамда Президенттік сайлауға қатысу әр азаматтың ел тағдырының болашағын шешетін борышы. Осыған байланысты 3 сәуірде өтетін кезектен тыс Президенттік сайлауға қатысуды мемлекетіміздің болашағы үшін аса маңызды болғандықтан, үлкен жауапкершілікті деп білем. Еліміздің кез-келген азаматы осы сайлаудан көптеген үміт күтуде. Сондықтан олардың дұрыс таңдау әділ де, дұрыс таңдау жасайтынына сенемін.

Аз да болса, жиырма жылдық тәуелсіздік кезеңінде еліміз үлкен жетістіктерге жету үстінде. Өзінің даму кезеңінде мемлекетіміз көптеген дамыған мемлекеттердің демократиялық құндылықтарын орынды алып, өзіндік үлгісін жасады. Расында, да Қазақ елінің даму жолында ұстанған бейбітшілік пен келісім, тыныштық пен тұрақтылық бағыты - бүгінгі таңдағы басты жетістігі. Мемлекетіміздің 2010-2020 жылдар аралығына арналған индустрияландыру жобасы қолға алынып, инновациялық технологиялар енгізілсе, еліміз қарқынды дамып, дамушы елден дамыған елдер қатарына кіреді деп үміттенемін. Осыған байланысты ел экономикасының көшбасшысы боп келетін мұнай және газ саласына осы бағдарлама бойынша көп көңіл бөлініп отыр. Қазір көптеген жастар мұнай және газ кенорнындарында еңбек етіп, ел дәулетін арттыруда еңбек етіп жүр. Әрине, әлеуметтік жағдайдың жақсаруы, өнеркәсіптің дамуы және тұрақтылықтың болуы барша халықтың басты ықласы. Сондықтанда алда келе жатқан Президенттік сайлауға халықтың белсенділік танытып қатысуына нық сенемін. Себебі әрбір азаматтың даусы ел болашағы үшін шешуші болып табылады. Әсіресе сайлауға жастардың көптеп қатысып, мемлекетіміздің болашағы үшін дұрыс таңдау жасауына шақырамын!

**№ 1МГӨК-тің 3-дәрежелі операторы**
**Төлегенұлы Бекболат**

**Құрметті оқырман! Маңғыстау мұнайының ашылуы мен игерілуіне, оны ел игілігіне жаратуға үлес қосқан құрметті мұнайшылар туралы біздің газетіміз үнемі жазып келеді. Назарларыңызға Жетібай кенорнында алғашқы мұнай фонтаны атқан әйгілі 6-ұңғыны қазуға қатысқан, сол тарихи оқиғаға куә болған мұнайшы ардагер Нұрмұхан Қанатбаев ақсақал туралы мақаланы ұсынамыз.**

Маңғыстау мұнайына 50 жыл



# МЕН ҚАРА ФОНТАННЫҢ АСПАНҒА АТҚАНЫН КӨРДІМ...

***1961 жыл тарихқа тек қана Өзен мен Жетібай кенорындарының ашылуымен емес, сондай-ақ тұтастай Оңтүстік Үстірт мұнай-газды аймағының ашылуымен кірді. 1961 жылдың 5 қаңтарында Өзен кенорнындағы К-18 ұңғыдан газ фонтаны атса, сол жылдың 5 шілдесінде Жетібай кенорнындағы 6-ұңғыдан мұнай фонтаны аспанға ұрды. Сол жылдың желтоқсанында мұнай бұрқағы Өзен кенорнынан да атқылады.***

## Әйгілі алтыншы ұңғының тарихы

Маңғыстау тарихынан білетініміздей, алғашқы мұнай фонтаны 1961 жылдың ***5 шілдесінде Жетібай кенорнындағы 6-ұңғыдан атқылады***. Бұл күн – Маңғыстаудың мұнай өндірісі тарихында ерекше орын алатын Жетібай кенорнының алғаш жасаған қадамы десек те болады. Қазақстанның мұнай өндірісі тарихына алтын әріптермен жазылған кенорын күні бүгінге дейін ел игілігіне қызмет жасап келеді.

Қаламыздың тұрғыны, жасы 70-ке келген Нұрмұхан Қанатбаев ақсақал алғашқы мұнай бұрқағының куәсі ғана емес, сол ұңғының қазушысы да болған көрінеді. Алайда, сол тарихи күннің алдында ғана сол кездегі жас бұрғышы Нұрмұханды туындап қалған өндірістік қажеттіліктен басқа нысанға ауыстырып жібереді.

– Біздің вахта алтыншы ұңғыны 1960 жылдың қыркүйегінен бастап қазды, жұмыс оңай болған жоқ, арасында бұрғылау кезінде апат та болды. Мұнайдың жақын екенін біліп жүрміз. Жазға таман «осы болды-ау» деп, «қашан көрінер екен» деп күнде үміттенеміз.Осы кезде ұңғыны қазып жатқан бұрғышы Кемелхан Берікбосынов деген жігіт, оның көмекшісі (помбур) – менмін. Ол кезде біздерді анда-мында ауыстыра беретін еді: бір жерде адам жетпесе, сол жерге «бар» дейді, кете бересің. Кемелханды мұнай ататын күннен бір ай бұрын шамасында басқа ұңғыға жіберген болатын, мені де сол күнге 1-2 апта қалғанда басқа жерге жіберген. Мұнайдың атуы Бисенғали Бажиков деген ағамыздың вахтасына тап болды. Жайдарлы, жақсы адам еді, марқұм. Қасында Сайлаубай Смағұлов, Найзабек Толтырбаев, Ермұхан Тайжановтар бар. Таңға жақын жердің астынан қатты гүріл естілді, ол бірте-бірте күшейіп, бір кезде үлкен қысыммен аспанға атқанда, қасына адам түгілі, техника жақындай алмай қалған. Мұнайдың бір қасиеті жерден шыққанда түсі қызғылт болады да, сол бойда қара түске ауысады. Найзабекті хабар айтуға Жетібайдың басына жібереді. Ол кезде, өзіңіз білесіңіз, көлік жоқ, рация жоқ, телефон жоқ, жаяулатып басқан. Мен де сол күні түнгі ауысымнан (вахта) келе жатқан бетім еді, 6-ұңғыға қарай кеттім. Барсам, айналада толы адам, у-шу, жердің гүрілінен құлақ тұнады. Бульдозер жерді қазып үлгермей жатыр, аққан мұнай көл болған. Мен 2 сағаттай қызықтап жүрдім. Сосын үйлерімізге тарқастық. Демалып, тынығып келесі ауысымға шығу керек. Ертеңіне мықты бұрғышыларды фонтанды ауыздықтауға жинады. Оның ішінде Жолдас Тоғжанов, Сабырбай Шонтыбаев, Қантөре Қуанышбеков және басқалары болды, – деп ақсақал бір сәтке осыдан 50 жыл бұрын болған оқиғаны көз алдына келтіріп, еске алды.

## Нұрмұхан Қанатбаев қалай мұнайшы болды

Нұрмұхан 1941 жылдың наурыз айында Форт-Шевченко қаласындағы қарапайым отбасында дүниеге келеді. Оның балалық шағы Ұлы Отан соғысының отты жылдарымен, одан кейінгі жеткіншек-жасөспірім шағы соғыстың зардабын шеккен ауыр кезеңдермен тұспа-тұс келді. Соңғы класын Форт-Шевченко қаласында бітірген Нұрмұхан сол кездегі Маңғыстау мен Шевченко аудандарының бірнеше мектебін ауыстырған екен.



